

« Қош бол, балабақшам!»

Балалар залға музыка әуенімен ішке кіріп бір бала,бір қыз қол ұстасып,танысумен орын-орындарына тұрады.

Ән: «Біз мектепке барамыз».

Жүргізүші:

- Құрметті ата-аналар,қонақтар,балабақша ұжымы.Бүгін біз бірнеше жыл мәпелеп,күтіп,тәрбиелеген бүлдіршіндерімізді ұямыздан ұшырып,мектепке шығарып салғалы отырмыз.Әрине бұл да үлкен той,тойларыңыз құтты болсын. «Айгөлек» тобының «Қош бол,балабақшам!» ертеңгілігіне қош келдіңіздер. Алғашқы мерекелік құттықтау сөзді балабақша меңгерушісі Оспанова А.С береміз.

Гүлханишайым:

- Сәлеметсіңдер ме, балалар.Әдемі әуеннің дауысын естіп келдім,бұл жерде не болып жатыр?

Жүргізүші:

- Бүгін «Ботакөз» бөбекжай балабақшасының «Балдәурен – 1» тобының бүлдіршіндері 6 жасқа толып, балабақшамен қоштасу ертеңгілігін өткізіп жатыр.

Гүлханишайым:

- Олай болса балалар мен мерекелік концертті білгендей келіппін.Сендерге мынау гүлдерімнен тастап кетемін.Бұл гүлдің әр күлтешесінде сендерге арналған тілектер жазылған.Мен бұл гүлді апайларыңа берейін.Ал,енді балалар сендердің мерекелік концерттеріңді тамашалап,көруіме болар еді,бірақ сендер сияқты балабақшамен қоштасып жатқан балаларға да гүлдерімді таратайын.

Жүргізүші:

- Балалар,Гүлханишайымның тастап кеткен гүлдерінде қандай тілектер жазылғанын білгілерің келеді ме?Ендеше гүлдің бірінші күлтешесін балабақшамыздың меңгерушісі Сұлухан Тұрапбай - қызына жұлдырып,тілектерін тыңдайық.

Тілек:

Кішкентай бөбектерім ұшқанда қанаттарың талмасын, армандарың ұзаққа самғасын.Ұстаздарың, ата – аналардың үміттерін ақтасын!

Жүргізуші:

- Балаларымыз енді өз өлең шумақтарын айтып береді.

1. Ермұхаммед:

Қуанамыз, сыйлаймыз,
Қуаныштың мың гүлін.
Бақшамызбен қимай біз,
Қоштасатын күн бүгін.
Ботақандай бөбек деп,
Еркелеткен ұл-қызын.
Анамызды ерекше,
Қуантамыз біз бүгін.

2. Ж. Димаи:

Сурет салып, ән жаттап,
Оқып жазып үйрендік.
Сүйген өз қыз, өз ұлын
Бөбегім деп аянбай,
Балабақшам өз үйім
Апай болды анамдай.

3. Сабина:

Балабақша есігін,
Үшке толып ашқанбыз.
Балапандай өсіріп,
Мәпелейді бақшамыз.
Бұл құшағы тым ыстық,
Мектебіміз бастапқы
Біздер алты жастамыз
Сәбиліктен асқанбыз.
Қош бол балабақшамыз!

4. Даяна:

Тәрбие берген бақшамыз,
Тәртіпті бала боламыз.
Алда үлкен белес бар
Сүрінбей өтіп барамыз.

5. Д.Димаш:

*Бар баланың анасы,
Сұлухан апай жақсы адам.
Сондықтан да біз үшін,
Артықсыз сіз басқадан.
Біз сізді сирек көреміз,
Құрметтеп көңіл бөлеміз
Сыртымыздан жағдайды
Жасап жүр деп сенеміз.
Сұлухан апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)*

Жүргізуші:

- Ал,енді балаларымыз би билейді.Сұлухан Тұрапбайқызына арналады.

Би: «Қоштасу вальсі»

*Элер – Нұрайым
Буният – Мерейлім
Ернар – Адина*

*Н.Ерасыл – Анель
Нұрмаш – Дариға*

Жүргізуші:

- Ал,енді балалар гүлдің екінші күлтешесінде қандай тілектер жазылғанын балабақша әдіскері Айжан Құралбекқызына жұлдырып, тілектерін тыңдайық.

Тілек:

Балалар алыс жолдарда,қалың орманда,тайганақ құздарда адаспай өз жоларыңды таба біліңдер!

Жүргізуші:

- Балаларымыздың балабақша туралы өлең шумақтарын тыңдайық.

1. Милана:

*Педагоги занимались,
Все работники старалист.
И заведующей нашей
Дружно ручками помашаем.
Попрощаемся словами*

И обнимим словно маму.

2. Ратмир:

*Спасибо! Наш сад дорогой!
О тебе наша песня поется
Спасибо! Всем кто трудится здесь
В саду, которой «Ботакөз завется!»*

3. Арайлым:

*Ата-анамызға еріп біз,
Келіп ек саған еріксіз.
Мерзімді уақыт біткен де,
Келмей тұр енді кеткіміз.*

4. Кемеңгер:

*Гүлге толып жан-жағым,
Асыр салып жүгірдім.
Өсті талап талғамым,
Көп нәрсені ұғындым.
Сен үйреттің сөйлеуді,
Сенде ойым есейді.
Мектепке барам мен енді
Балабақша қош енді.*

5. Қ.Аяулым:

*Ойынға әсте тоймаймыз,
Бала-бақша ойнаймыз.
Әдіскер боп ойнауға
Таласуды қоймаймыз.
Тәрбиеші сізді тыңдайды,
Өзгеге мойын бұрмайды
Жұмсасаңыз бір жаққа,
Зыр жүгіріп тынбайды
Айжан апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)*

Жүргізүші:

- Жеке дауыста ән «Ерке қыз» деп аталады. Бұл әнді біздің тобымыздың ерке қызы, ата-анасыныңда ерке қызы Дариганың

орындауында тыңдаңыздар.Әдіскер Айжан апайымызға арналады,қабыл алыңыздар.

Жүргізүші:

- Ал,енді балалар гүлдің үшінші күлтешесін балабақша музыка жетекшісі Жанат Балғынбекқызына жұлдырып, тілектерін тыңдайық.

Тілек:

Бөбектерім денсаулықтарың зор болсын,қайда барсаңдар алдарыңнан жарқыраған жол болсын!

Жүргізүші:

- Балаларымыздың өлең шумақтарын тыңдайық.

1. Ертұған:

*Бұл қуаныш себебін,
Бізге қарап ұғыңдар.
Ер жетті деп бөбегім,
Туған Отан қуансын,
Туған дала қуансын.
Тәрбие берген ұямыз,
Тәртіпті бала боламыз.
Қоштасып балабақшамен
Біріншіге барамыз.*

2. Аяұлым:

*Өзіңнен көп дос таптым,
Бауырбаса бастаппын.
Апайлармен мейірбан,
Келмей тұр енді қоштасқым.*

3. Луиза:

*Всем сотрудникам детсада,
Благодарность выдать надо.
Очень скоро,очень скоро,
Я пойду учиться в школу.*

4. Бауыржан:

Аялайды анадай,

*Бірге ойнап, бір жылаймыз.
Ол өзінше бір мектеп,
Айтқан сөзді тыңдаймыз
Апайды біз құрметтеп.*

5. Бекарыс:

*Көңілді өскен баламыз,
Шырқатып әнге саламыз.
Тойымызға сән беріп
Би де билей аламыз.
Бізге ән, би үйреткен,
Жанат апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)*

Жүргізүші:

- Балалардың орындауында «Танго» биі. Музыка жетекшісі Жанат апайға арналады, қабыл алыңыздар.

Би: «Танго»

*Димаш – Сабина
Ермұхаммед – Арай
Ратмир – Милана*

*Ж.Димаш – Даяна
Кемеңгер – Б.Аяулым
Ертуған – Мерей*

Ән ырғағымен залға Жалқаубек кіреді.

Жүргізүші:

- Балалар Гүлханишайымның төртінші күлтешесін Жалқаубекке жұлдырайық және тілегін тыңдайық.

Жалқаубек:

- Балалар мен әріпті де танымаймын, оқида алмаймын, не жазылғанын да түсінбеймін.

Жүргізүші:

- Балалар, Жалқаубекке мен оқып көмектесейін.

Тілек:

Бүлдіршіндерім үлкен өмірге алғаш басқан қадамдарың құтты болсын, еліміз тыныш болсын!

Жүргізүші:

- Балаларымыздың Жалқаубекке, мектепке арналған өлең шумақтарын тыңдайық.

1. Мерейлім:

*Жеті жасқа толамыз,
Әдепті бала боламыз.
Қуантып ата-ананы,
Мектепке кетіп барамыз.*

2. Заңғар:

*Қош бол балабақшамыз,
Естен кетпес есімің.
Қош балалар бақшасы,
Алғаш ашқан есігім.*

3. Арұжан:

*Халқым бізге сенеді,
Ұрпақ оған қуаныш.
Ұстаз жақсы көреді,
Балаларды тіл алғыш.*

4. Эвелина:

*Мы уходим в первый класс!
Детский сад нам дорогой.
Ты нам домо стал родным,
Мы прощаемся с тобой
И немного грустим
И сегодня день прощальный.*

Ән: «Сәлем мектебім».

Жүргізүші:

- Бұл әніміз Жалқаубекке арналады, қабыл алыңыздар.

Жүргізүші:

- Ал, енді балалар Гүлханиайымның бесінші күлтешесін біздің денсаулығымызға қарап жүрген медбике апайымыз Клара Қайырбекқызына жұлдырып, тілектерін тыңдайық.

Тілек:

Балалар еліміз аман болсын, тыныштық заман болсын, болашақ жастарымыздың дендері сау болсын!

Жүргізуші:

- Кішкентай бүлдіршіндеріміздің ұстаздарына, балабақша ұжымына арналған өлең шумақтарын тыңдаңыздар!

1. Амина:

Тыңдауышы мойнында,
Өлшеуіші қолында.
Ақ халатты дәрігер,
Әрқашан өз орнында.
Жайдары жүз, ай қабақ,
Аузы, мұрнын байлап ап.
Дәрі иісі бұрқырап,
Жүрер бізді аймалап.
Клара апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)

2. Нұрайым:

Біз балғынбыз, балдаймыз,
Балабақтан қалмаймыз.
Шымыр болып өсетін,
Ойындарды таңдаймыз.
Динара апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)

3. Ағзам:

Мейірімге толы жүрегі,
Бізге күнде келеді.
Орыс, ағылшын тілін үйреткен,
Гүлнәр апай, Айжан апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)

4. Н.Ерасыл:

Өмірде аспаз көп дейді,
Күлизат апайға жетпейді.
Тәп-тәтті ішсең тамағы,
Аузыңнан дәмі кетпейді
Күлизат апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)

Жүргізуші:

- Балабақша ұжымдары Клара апайға, Күлият апайға, Гүлнар апайға, Динара апайға, Самал апайларға балаларымыздың «Сыған» биін қабыл алыңыздар сіздерге арналады.

Би: «Сыған биі»

Бекарыс – Луиза

Бауыржан – Мерейлім

Ернар – Эвелина

Заңғар – Амина

Б.Ерасыл – Аружан

Ағзам – Қ.Аяулым

Жүргізуші:

- Ал, енді балалар Гүлханишайымның берген гүлінің екі күлтешесі қалды кімге жұлдырамыз? Балалар алтыншы күлтешені біз ата-аналардан қолқа салып жұлдырайық қане, бір ата-ана шығып жұлсын оның тілектерін тыңдайық.

Тілек:

Бүлдіршіндер келешекте ел қамын ойлайтын, ат жалын тартар,
Қазақстан жалауын биікке самғататын үлкен азамат болыңдар!

Жүргізуші:

- Ал, енді балаларымыздың ата-анасына деген өлең шумақтарын тыңдайық.

1. Анэля:

Алдыңдағы балалар,
Мектепке кетіп барады.
Тақпақ айтып тамсанып
Қимай кетіп барады.
Қызық күндер өткіздік,
Балабақша бағында.
Көп оқыдық, көп білдік,
Ел мен Отан жайында.

2. Нұрайым:

Үлкендердей тап-таза,
Жазамыз бормен тақтаға.
Үлгілі бала боламыз
Жүретіндей мақтана.
Бақша біздің панамыз,

*Мектеп біздің анамыз.
Ұлағатты ұстаздан,
Оқып білім аламыз.
Ана тілін ардақтап,
Ата салтын біз көрдік.*

3. Элер:

*Жүрегімде қуаныш,
Мен бүлдіршін баламын.
Енді жайнап нұр жүзім
Мен оқушы боламын.*

4. Бұният:

*Ыстық әрбір беттерің,
Жазуыңды ұғамын.
Биыл күзде мектепке,
Біріншіге барамын.*

5. Қ.Аяулым:

*Мақтанбаймын мен текке,
Дайын дәптер қаламым.
Мынау есеп кітабым
Мынау менің әліппем
Бәрін жинап сақтадым,
Тұрмын түгел танып мен.*

Жүргізуші:

- Би «Шашу» «Балдәурен-І» тобының балаларының ата-аналарына арналады. Сізде үшін қабыл алыңыздар.

Би: «Шашу»

<i>Аяулым</i>	<i>Милана</i>
<i>Эвелина</i>	<i>Қ.Аяулым.</i>
<i>Арай</i>	<i>Мерей</i>
<i>Даяна</i>	<i>Нұрай</i>

Жанат апай: - Балалар, ең соңғы гүлдің күлтешесін мен сендердің тәрбиеші апайларың Гүлжан апай мен Бақытгүл апайларыңа жұлдырып, қандай тілектер жазылғанын тыңдайық.

Тілек:

*Бақшамызға тәй-тәй болып келген кішкентай бүлдіршінде-
ріміз міне, араға үш жыл салып мектеп қабырғасына қадам
басқалы тұрсыңдар, басқан қадамдарың құтты болсын! Алла
сендерді қолдасын!*

Жүргізуші:

*- Ал, енді балаларымыздың тәрбиеші апайларына деген өлең
шумақтарын тыңдайық.*

1. Нұрмаш:

*Ата, ана атым сен,
Бізге үйреттің әліппе.
Бізге нағыз жақын сен,
Сенен білдік әріпті.*

2. Ернар:

*Мектепке ертең барамыз,
Оқимыз, сауық құрамыз.
Қашық емес арамыз,
Бақшаға келіп тұрамыз.*

3. Адина:

*Биыл күзде мектепке,
Біріншіге барамын.
Мақтанбаймын мен текке,
Дайын дәптер, қаламым.
Бәрін жинап сақтадым,
Білімге жол аттадым.*

4. Б.Ерасыл:

*Жарқырап есік, терезе,
Сүртіліп шкаф, кебеже.
Тұратын қашанда,
Бұл тынбайтын ереже.
Еденді де жуатын,
Жолатпай шаңды қуатын,
Гүлмира апайға мың алғыс!
(Гүл беріледі.)*

5. Дарига:

*Ән салғызып, билейтін,
Ылғи бізбен жүретін.
Тақпақты да үйретіп,
Ойнатады күледі
Қызық-қызық ертегі
Біздерге оқып береді.
Жылауық та, тентек те,
Сол апайға келеді
Бойларына қарамай,
Шаштан сипап жағалай
Балалардың бәрін де.
Рахмет деп айтамыз,
Гүлжан апай, Бақытгүл апайға!
Мың алғыс!*

Ән: «Тәрбиеші».

Жүргізүші:

- Бұл әніміз Гүлжан апай, Бақытгүл апайға арналады, қабыл алыңыздар.

Ән: «Қоштасу».

Гүлханшайым:

- Балалар, сендерге жазған тілектерім ұнады ма? Ендеше тілектер қабыл болсын. Мен сендерге сыйлықтар алып келдім. Балалар, жаңа өмірге қадам басқалы отырсыңдар қадамдарың оң болсын, мына шар мен көгершіндей аспанда, яғни биікте самғаңдар деп шар мен көгершінді алып келдім.

Жүргізүші: *Құрметті ата-аналар! Бүгінгі «Балдәурен-1» тобының «Қош бол, балабақша!» атты ертеңгілігі осымен аяқталды. Тамашалағандарыңызға көп рахмет! Сау болыңыздар!*

1. Дүйсенбай Дінмұхаммед,
Атына заты сай жігіт
Өжет әрі білімді,
Топқа түскен сәйгүлік.

2. Жанысбай Дінмұхаммед
Жүр ғой бәрін ұтам деп,
Сүйкімді әрі ақылды
Шығарар кейін атымды.

2. Балташева Даяна
Биші сұлу нәзігім
Шапалақты аяма
Көрсетсін бұл да тәлімін.

3. Байдүйсен Ермұхаммед
Алғыр жігіт момақан
Кейін өссе мықты боп,
Елді аузына қаратар.

3. Бисенбаева Арайлым,
Сүйкімді қыз әдемі.
Сыпайы болып әрқашан
Білім алып келеді.

4. Марат батыр Кемеңгер,
Сүп – сүйкімді өрендер
Бұл да жақсы билейді
Қазір соны дәлелдер.

4. Бисенбаева Аяулым,
Би билейді әдемі
Құрметтейді үлкенді
Өте түзу сәлемі.

5. Асфендияров Ратмир бар,
Айтқан тілді алатын.
Білім алса есейіп
Ғылым сырын табатын.

5. Переметина Милана,
Жас болсада білімді.
Қылығы да тәп – тәтті
Ата – анасы сағынған.

1. Жамалидин Сабина
Өзі сондай ерке қыз
Би билейді майысып
Сұлу,көркем,еркеміз.

6. Сабырлы әрі ақылды,
Елге берген сертін дәл.
Елі үшін бел буған
Амангелді Ертуған.
6. Мырзахметова Мерей бар,
Білімді әрі өнерлі
Өнерімен паш етіп,
Әркез топты бастаған.
7. Ақкөңіл жігіт білімді,
Шебер биші өнерпаз
Жарқыратар күнінді
Жасұзақ Бекарыс.
7. Акрамжанова Луиза,
Әдемі сұлу гүл екен
Қылығымен қуантып,
Бәрімізді жүр екен.
8. Ербол Бауыржан келді,
Көрсетем деп өнерді
Би билейді әуеге
Қызықтырып сан елді.
8. Оңғар Мерейлім ару,
Құрметтейді ол өз елін
Балабақшамыздағы,
Ару екен әдемі.
9. Әділбек Заңғар мықты екен,
Жүрегі оның түкті екен
Батыл әрі қайратты,
Балабақшаны жайнатты.
9. Таңсықбаева Аружан,
Қылығы бал бүлдіршін
Би билейді бұралып,
Өте әсем шын гүлсің.
10. Барқыбек Ерасыл жайлы,
Жыр айтайын тамсанып.
Көпшілікті қуантты
Бұл жас әнші, ән салып.

10. Шашы ұзын қыз Әмина,
Әдептен еш аспаған.
Сыпайы болып әрқашан,
Білімді болып келеді.

11. Кушаева Эвелина,
Ән сап ашар ұйқыңды.
Бұл да жақсы билейді
Қазір соны дәлелдер.

11. Самиханов Буният,
Пысық әрі сүйкімді.
Би билейді әуеге
Қызықтырып сан елді.

12. Ибрагим Ағзам да,
Бауырмал жан ұғымды.
Сүйкімді әрі ақылды
Шығарар кейін атымды.

12. Құдайберген Аяулым,
Түспесін саған қаяу – мұң,
Ән салады сызылтып
Әуенінен ояндым.

13. Бекметов Әлер бар,
Өжет екен өзі де.
Ұстазынан тәлім ап
Өсіп келеді өзі де.

13. Алтынбек Нұрайым,
Инабатты гүл – айым.
Шашы ұзын сұлуды
Әркез мақтан қылайын.

14. Нигматулла Ерасыл
Бала екен бауырмал.
Қылығы да тәп – тәтті
Ата – анасы сағынған.

14. Жүнісова Анэля қыз,
Көрікті әрі салмақты.
Ата – анасын қуантып
Ел үмітін жалғапты.

**16. Ергеш Нұрмұхаммедті мақтайын,
Қалай сөзді таппайын.
Бұл да біздің алтын ғой
Есіміңді жаттайын.**

**16. Дүйсенбекова Дариға,
Би билеп, өнер көрсетіп,
Көпшілікті қуантты
Бұл жас әнші ән салып.**

**17. Сүлеймен Ернар сабырлы,
Биші болып танылды.
Құрметтейді үлкенді
Өте түзу сәлемі.**

**17. Әділбай Адина,
Биші, ару көрікті.
Үлкендерді құрметтеп,
Болашаққа сеніпті.**

**Міне, біздің балалар,
Кіп – кішкентай даналар.
Бүлдіршіндер қуансын,
Қол соғыңдар, ағалар
Қол соғыңдар аналар!**

Тілек:

*Кішкентай бөбектерім ұшқанда қанаттарың талмасын,
армандарың ұзаққа самғасын. Ұстаздарың, ата – аналардың
үміттерін ақтасын!*

Тілек:

*Балалар алыс жолдарда, қалың орманда, тайғанақ құздарда
адаспай өз жоларыңды таба біліңдер!*

Тілек:

*Бөбектерім денсаулықтарың зор болсын, қайда барсаңдар
алдарыңнан жарқыраған жол болсын!*

Тілек:

*Бүлдіршіндерім үлкен өмірге алғаш басқан қадамдарың құтты
болсын, еліміз тыныш болсын!*

Тілек:

*Балалар еліміз аман болсын, тыныштық заман болсын, болашақ
жастарымыздың дендері сау болсын!*

Тілек:

*Бүлдіршіндер келешекте ел қамын ойлайтын, ат жалын тартар,
Қазақстан жалауын биікке самғататын үлкен азамат болыңдар!*

Тілек:

*Бақшамызға тәй-тәй болып келген кішкентай бүлдіршінде-
ріміз міне, араға үш жыл салып мектеп қабырғасына қадам
басқалы тұрсыңдар, басқан қадамдарың құтты болсын! Алла
сендерді қолдасын!*

БЕКІТЕМІН:
«Мамина» мектепке
дейінгі тәрбие мен білім беру
орталығының меңгерушісі:
Оспанова А.С.



« Қош бол, балабақшам! »

«Айгөлек» тобы